



KENDERBAY KERQULA

Керқұла атты Кендебай

Нұрлыгүл Акмадиева

A LEGEND OF FRIENDSHIP AND BRAVERY



Ерте заманда бір кедейдің Кендебай деген ұлы болыпты. Ол өте мейірімді, өнерлі және ерекше күшті бала болып өседі, айналасындағы адамдар мен жан-жануарларға үнемі көмектесіп жүреді.



Кендебай өзіне серік болатын ерекше құлынды кезіктіреді. Ол құлынды баптап өсіреді де, атын Керқұла қояды, олар айнымас адал досқа айналады.



Ауылға үлкен бақытсыздық келеді, зұлым хандар халықтың малын тартып алып, елді зарықтырып қояды. Кендебай халықты құтқару үшін Керқұла атқа мініп, ұзақ сапарға аттанады.



Жолда Кендебай алып ағаштың басындағы балапандарын айдаһардан қорғай алмай шырылдаған Самұрық құсты көреді. Батыр бала дереу садағын алып, зұлым айдаһарды атып өлтіреді.



Риза болған Самұрық құс Кендебайға өзінің сиқырлы қауырсынын сыйлайды. Бұл қауырсын басына іс түскенде көмекке шақыру үшін керек еді.



Кендебай мен Керкұла зұлым ханның еліне жетеді. Онда халық аштықтан бұратылып, ауыр жұмыс істеп жатады, ал хан болса барлық байлықты тығып қойған екен.



Түн жамылып, Кендебай ханның күзетшілерін сиқырлы күйімен ұйықтатып тастайды. Ол халықтың тартып алынған мал-мүлкін және сиқырлы алтын бидайды босатып алады.



Хан оянып, Кендебайдың соңынан қалың әскер жібереді. Керкұла ат шапшаңдық танытып, ұшқан құспен жарыса отырып, әскерді артта қалдырады.



Алдарынан үлкен теңіз шыққанда,
Кендебай Самұрық құстың қауырсынын
жағады. Самұрық құс ұшып келіп, оларды
қанатына қондырып, теңізден аман-есен
өткізеді.



Кендебай ауылына аман-есен оралып, халыққа бостандық пен молшылық сыйлайды. Батыр бала мен оның тұлпары Керкұланың ерлігі ел аузында аңыз болып қалады.